

**«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама**

**21 қыркүйек 2022 жыл**

**Қызылорда қаласы**

1. «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «ҚЭТТК» АҚ) «Мемлекеттік сатып алу және логистика» бөлімі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып табылады.

2. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуіндегі үлгілік қағидаларына» және «ҚЭТТК» АҚ-ның Директорлар Кеңесінің төрағасы Е.Жаңабаевпен 15 сәуір 2022 жылы бекітілген «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының Комплаенс офицерінің 2022 жылдың сәуір-желтоқсан айларында атқаратын жұмыс жоспарының 6- тармағына сәйкес, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілді.

Ескертпе, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға, «Мемлекеттік сатып алу және логистика» бөлімінің қызметіне қатысты 2022 жылдың 8 айы қамтылып жүргізілді.

3. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды - «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының Комплаенс офицері Б.Ш.Кушимбаев жүргізді.

4. Талданатын объект туралы мәліметтер:

Мемлекеттік сатып алу және логистика бөлімі - «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының құрылымдық бөлімшесі болып табылады және Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасарына тікелей бағынады.

5. Мемлекеттік сатып алу және логистика бөлімінің кадрлық құрамы:

Бөлімде 8 қызметкер жұмыс атқаруда, нақтырақ:

1. Бөлім басшысы;
2. Басшы орынбасары
3. Жетекші маманы;
4. Маман;
5. Маман;
6. Маман;
7. Қойма менгерушісі;
8. Жұмысшы.

Бөлім қызметкерлері - Басқарма төрағасымен бекітілген бөлім ережесімен және қызметкердің функционалдық міндеті көрсетілген қызметтік нұсқаулықтары негізінде қызмет атқарады.

## 6. Бөлім функциялары:

### 1. Мемлекеттік сатып алу қызметі, атап айтсақ:

а) «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434 – V ҚР Заңы және «11 желтоқсандағы № 648 Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары» негізінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу рәсімдерін жүргізу және жеңімпаздармен шарт жасасу;

б) Қоғамның бөлімшелерін материалдармен және құрал-жабдықтармен, қызметтермен, жұмыстармен материалдарға, жабдықтарға және қызметтерге өтінім негізінде уақтылы қамтамасыз етумен;

в) өз қызметінде келесі негізгі құжаттарды басшылыққа алады:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңы;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы;

- Директивалық материалдар Қазақстан Республикасы Индустрія және жана технологиялар министрлігі;

- Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережелері;

- Электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу ережелері;

г) өз қызметі шеңберінде экономика, жоспарлау және тарифтер басқармасы бекіткен тиісті жылға аталған және «ҚРЭК» АҚ Басқарма төрағасы бекіткен жылдық мемлекеттік сатып алу жоспары негізінде жүзеге асырады.

Сонымен қатар, бөлім өз қызметін жүзеге асыру кезінде, Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің негіздерін, Қоғамды және маңызды болып табылатын серіктес елдердің заңнамасының негіздерін басшылыққа алады. Қоғамның қызметіне, Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау ережелері мен ережелеріне, Қоғам Жарғысына, Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының шешімдеріне, ҚР СТ ИСО 9001 халықаралық стандарттарына, ISO 14001, OHSAS 18001, ISO 50001-2012, осы лауазымдық нұсқаулық, Департамент туралы ереже және Қоғамның басқа да ішкі ережелерін басшылыққа алғып жұмыс жасайды.

Жоғарыда аталған заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерді зерделеу барысында, бөлімнің ұйымдастыру қызметіне қатысты қосымша келесідей мәселелер анықталды.

Атап айтсақ, «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес, мемлекеттік сатып алынатын тауарлардың баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен конкурс өткізіледі. Мемлекеттік сатып алу қорытындыларын бекіту туралы шешімімен, тауарды жеткізу бойынша әлеуетті өнім беруші - жеңімпаз деп танылады. Соның негізінде, жеңімпазben тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарты жасалып, екі тараппен мемлекеттік сатып алудың веб-порталында қол қойылады.

Дегенмен, тараптармен келісім –шарт жасалғанымен, шарттың талаптары орындалмай, тауарлар уақытылы жеткізілмейді.

КР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағында «Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруши, тапсырыс беруші өздеріне әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүргінуге міндетті» - делінген.

Нәтижесінде, КР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының және екі жақты келісім-шарттың талаптарын тиісті түрде орындалмай, оны бұзған әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды, сұрап сотқа талап арыздар келтірілген.

2022 жылдың 8 айында «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамымен, әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұралған - 50 талап арызы, сотқа жолданған.

Ал, тараптармен жасалынған екі жақты келісім- шарттарға тоқталсақ, бүгінгі күнге дейін, келісім-шарттарда «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамында Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңының талаптарына сәйкес, Комплаенс- офицерінің қызмет атқаратындығы жөнінде, мәліметтер көрсетілмеген.

7. Жоғары түрған уәкілетті органдардың тексерулері бойынша мәліметтерге толталсақ: «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - Басқарма) 2021 жылғы 30 маусымдағы Қызылорда облыстық бюджет комиссиясы отырысының №12 хаттамасына және Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы 13 мамырдағы №554 қаулысына сәйкес, 250 000 қарапайым акциясын орналастыру арқылы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы («әрі қарай – «ҚЭТТК» АҚ») жарғылық капиталын ұлғайтуға үнемделген қаржыдан Қызылорда қаласы, Арай, Титов, Қызылжарма мөлтек аудандарының электрмен жабдықтау жүйелерін дамытуға (әрі қарай - Жоба) 250 млн.тәңге бөлінгендігін білдіреді. 2021 жылғы тамыздан бастап бекітілген Инвестициялар ҚЭН-нің тізбесіне сәйкес материалдар, жабдықтар мен арнайы техника сатып алу үшін келісім шарттар жасау бойынша жұмыстар жүргізілген.

Жоғарыдағы айтылғандар негізінде, Басқарма Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңына сәйкес «ҚЭТТК» АҚ-на бөлінген қаражаттың мақсатты пайдалануы бойынша Қазақстан Республикасы қаржы Министрлігі ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит

департаменті» ММ-сі басшысына бюджеттік қаражаттың мақсатты жүмсалуын, бұзушылықтардың бар-жоғын анықтау мақсатында акт жасап беруді сұраған. Ішкі мемлекеттік аудит комитеті осылардың негізінде ағымдағы жылдың 4 шілдесінен 29 шілде аралығында, жоспардан тыс аудиторлық тексеру (іс-шара) жүргізді. Ішкі мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2021 жылдың 01 қаңтарынан бастап 2022 жылдың 30 маусымын қоса алғандағы кезең.

Ішкі мемлекеттік аудит бақылау мен тексерісі 3 сұрақ бойынша қаралып, яғни бюджеттік бөлінген қаржының негізділігі, әлеуетті өнім берушілермен жасалынған келісім шарттардың міндеттерінің орындалуы және қаржының игерілуі және осы сатып алынған электр құрал-жабдықтарына түгендеу жұмыстары нәтижелері бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер орын анықталған жоқ.

Бұдан басқа мемлекеттік сатып алуларды жүргізудің заңдылығы жогары тұрған уәкілетті органмен камералдық бақылау арқылы қадағаланып отырады.

Ағымдағы жылдың 24 ақпанында №431010000-4-6-162868 камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама келіп түсті. Камералдық бақылау жүргізу барысында №6 бейінге сәйкес келетін бұзушылық орын алған, яғни әлеуетті өнім беруші ұсынған конкурсстық құжаттама талапқа сәйкес емес. Хабарламаға сәйкес 25 ақпанда анықталған бұзушылық толығымен жойылған.

Осыған ұксас, 27 сәуірде №431010000-4-6- камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама келіп түсті. Камералдық бақылау жүргізу барысында №6 бейінге сәйкес келетін бұзушылық орын алған, яғни әлеуетті өнім беруші ұсынған техникалық сипаттамасындағы кемшіліктер бойынша. Хабарламаға сәйкес 28 сәуірде хабарламада анықталған бұзушылық толығымен жойылған.

Сондай-ақ, 2 шілдеде №431010000-ОИПД-14-177541 камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама келіп түсті. Камералдық бақылау жүргізу барысында №14 бейінге сәйкес келетін бұзушылық орын алған, яғни әлеуетті өнім берушімен Заңын 39 бабы 3 тармағы 36) тармақшасы бойынша негізсіз тікелей келісім шарт жасасу арқылы сатып алу жоспарланған. Хабарламаға сәйкес 18 шілдеде хабарламада анықталған бұзушылық жойылған.

Сонымен қатар, 26 шілдеде №431010000-ЗЦП-11-179710 камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама келіп түсті. Камералдық бақылау жүргізу барысында 11 бейінге сәйкес келетін бұзушылық орын алған, яғни сатып алынатын тауарлардың ұлттық және мемлекетаралық стандарттары көрсетілмей хабарлама жарияланған. Хабарламаға сәйкес 18 шілдеде хабарламада анықталған бұзушылық жойылған.

Талдау барысында, «Мемлекеттік сатып алу және логистика» бөлімінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Жоғарыдағылардың негізінде, алдағы уақытта «Мемлекеттік сатып алу және логистика» бөлімінде, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында ұсыным:

-Мемлекеттік сатып алу бойынша әрбір жеңімпаздармен жасалатын келісім-шарттарға келесідей түзетулер енгізу:

а) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Занының талаптарына сәйкес, «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамында Комплаенс- офицері қызмет атқарытының;

б) "Қызылорда Электр Тарату Тораптары Компаниясы" акционерлік қоғамында, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзудың бар болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы ақпарат белгілі болса, Комплаенс- офицеріне мына телефон арқылы 40-06-60 (ішкі 2254) хабарласа аласыздар – деген мәтінде енгізу.

Комплаенс офицер

Б.Кушимбаев

Мансеттес Әдем  
МСА жәлдөмдескің қызметчесінші ш.а. Балғалебеков А.М.  
21.09.2022 ж.